

Көңілді тапқырлар ойыны

2020 жылдың 5 наурызында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының кәсіби даярлық факультетінің 2-курс курсанттары Академик З. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің қабырғасында өткен «Көңілді тапқырлар алаңы» ойындарына қатысты.



Аталған ойынға Академиядан 2-курс курсанттарынан құралған команда шықты. Курсанттарымыз командалық ойында басқа университеттермен бақ сынасып, жүлделі 3-орынның иегері атанды. Курсанттар ойынға деген жақсы дайындығының арқасында, осындай шыңдарды бағындыруда. Бұл бағындыратын шыңдардың тек басы ғана екендігіне сенімдіміз.

3-орынды иеленген жеңімпаз курсанттар ойынның финалына шығып, бас жүлдеге таласпақшы. Келесі ойын сәуір айының ортасына жоспарланып отыр. Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар курсанттарымызға ақтық сында сәттілік тілей отырып, олардың міндетті түрде жеңісті қолдан бермейтіндігіне сенеміз.

Аида БАКБАЕВА,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының ҚДФ
2-курс курсанты

Жылдық декларацияларды тапсыру мерзімі ұзарды

Елде төтенше жағдайдың жариялануына байланысты жылдық декларацияларды тапсыру мерзімі ұзартылды. Бұл туралы ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінен мәлім болды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Елімізде төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты заңды және жеке тұлғаларға декларация тапсыру мерзімі төтенше жағдайдың уақытына сәйкес келгендіктен, ол 30 күнтізбелік күнге, яғни 2020 жылдың 30 сәуіріне дейін ұзартылады. Алайда, ол үшін салық есептілігі нысандарын электронды түрде тапсыру қажет. Осылайша, 2020 жылдың 30 сәуіріне дейін тапсырылған электронды декларациялар уақытында тапсырылған болып саналады», - делінген хабарламада.

Бұл ұзартулар келесі салық есептілігінің нысандарына қатысты қолданылады: 1) корпоративтік табыс салығы бойынша декларация (100.00, 110.00, 150.00, 180.00 нысандар); 2) жеке табыс салығы бойынша декларация (220.00, 240.00 нысандар); 3) жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларация (230.00 нысан); 4) көлік құралдары салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша декларация (700.00 нысан); 5) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша декларация (870.00 нысан); 6) жалға беру (пайдалану) шарттарының тізілімі (871.00 нысан); 7) тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін декларация (912.00 нысан); 8) бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация (920.00 нысан).

Абай мұрасы – ұлтымыздың рухани байлығы

Кемеңгер ойшыл, ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға, ақын Абайдың туғанына 175 жылдық мерейлі датаға арналған Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және 21-ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы еліміздің рухани өміріндегі мәні зор шығарма деп санаймыз.

Мемлекет басшысы бұл мақалада Абайдың ел тарихындағы айрықша орнын, ұлттық болмысымызды қалыптастырудағы рөлін айқындап, ұлттың рухани жаңғыру үрдісінің өзегі – ақын мұрасын терең зерделеу екеніне назар аударады. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өз халқының алдына жаңа мақсаттар мен тың талаптар қойып кеткендігі бәрімізге мәлім.

«Қара сөздер» атты философиялық шығармасында, Абай әрбір сөзімен ұлттық сананы қалыптастыруға, ел мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ұмтылды. Өркениетті елдердің қатарына қосылудың бірден бір жолын білім мен ғылымды игеруден көрді және ел бірлігі ұлт тұтастығының кепілі деп таныды. Осы орайда, мемлекет басшысы өз мақаласында, Абайды рухани өміріміздің темірқазығы ретінде қабылдауға шақырып, мол мұрасының елдің дамуына тигізер пайдасы зор екендігіне аса мән беріп және ақын сөздерінің бүгінгі заманда да көкейкестілігіне жұртшылықтың көңілін аударады.

Абай шығармалары ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін, мінезі мен дүниетанымын, ділі мен дінін түгел қамтиды. Сондықтан ұлттық жаңғыру ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып ұтымды пайдалану қажет, себебі ақын көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос», деп Абай әрбір қазақ баласын өз елінің парасатты және ұлтжанды азаматы болуға шақырды. Кемеңгер ойшыл «атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, өмірдің мәні мен мақсатын Адам болу деп таныды. Біз жастардың тәрбиесін, ұлтты Абайша сүюден, елдікті, мемлекетті қадірлеуден бастауымыз керек.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқының білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Автор өз мақаласында, Абай мұрасы ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізеді деп есептейді. Сонымен қатар, ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін, тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту үшін де Абайдың ой-тұжырымдарына зейін қойған абзал деп санайды.

Абай философия тарихында әділетті қоғам орнату идеясын көтерген тұлғалардың бірі саналады. Демек, Абай шығармалары елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін



нығайтатын, мемлекетті сыйлаудың, билік жүргізетіндерге қойылатын талап-шарттардың мән-маңызын түсіндіретін темірқазық болуы тиіс. «Бас басына би болған өңшең қиқым, мінекі кетірді ғой елдің сиқын» деп ашына айтқан кемеңгер тұлға, мемлекетті билеу формасының озық үлгісі ретінде меритократиялық құрылымға ерекше мән береді.

Мемлекет басшысы осы мақсатта еліміздегі өзекті деген мәселелерді бірге талқылап, ортақ шешім табу үшін құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысын жіті қадағалап отыратынын атап айтады. Қазақстанда саяси-әлеуметтік жаңғыру үрдісі де жүріп жатқаны белгілі, дегенмен «сабыр түбі сары алтын» деп өмір сүріп келген халқымыз популисттік идеяларға жол бермейтінін, ұлттық мәмілеге келудің тиімділігін, республикадағы көпұлтты демографиялық жағдайды ескеру қажеттігін әр кезеңде дәлелдеп келеді. Даңғазалық пен мақтаншақтық, өзгені қор, өзімізді зор санаудың елге тигізген зиянын Абай өз еңбектерінде жеріне жеткізіп айтып кеткен болатын. «Сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөзін алма» деген ойшыл, жақсы мен жаманды ажыратудың қарапайым амалдарында ұсынып кеткен еді. Расында да әпербақан саясат пен ұлттық эгоизм салдары кез келген елдің дамуына, азаматтық қоғам орнату мүмкіндігіне және мемлекет тұтастығына қатер төндіретін қауіпті үрдіс.

Президент өз мақаласында, еліміздің әрбір азаматын, бүгінгі жаһандану заманында әлеуметтік жауапкершілікті сезіне білуіне ерекше көңіл аударады. Бұл мәселенің шешімін Абайдың «кемел адам» формуласынан іздеуді ұсынады. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп дана ақынның өзі айтқандай, жастарымызды білімді,

өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адам ретінде тәрбиелеу бүгінгі күннің басты мұраты. Кезінде Абайдың қазақ баласына өсиет еткен «кемел адам» философиялық ұғымын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та өзінің «Абай туралы сөз» атты кітабында тілге тиек еткен болатын. «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы», – деп жазған еді.

Хакім Абайдың өз шығармаларында ерекше көңіл бөлген мәселелердің бірі махаббат тақырыбы. Жаратушы мен адам туралы толғана келіп кемеңгер ақын «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар», – деп осы бір адам бойындағы қасиетті сезімнің ерекше маңызын атап айтады. Пендені адам деңгейіне көтеретін рухани күш, «адамшылықтың алды махаббат пен ғәділет сезім» деп тұжырымдайды. Абайдың қара сөздерінің басты миссиясы – адамды ойландыру, ізгі мақсаттарға жетелеу, гуманистік қасиеттерді бойға сіңіру екендігіне көз жеткізе отырып, Қ. Тоқаев, Абайдың осы құнды еңбектерін әлемдік мәдениетте жоғары дәрежеде танытуға шақырады. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абай елі» деп бізді таныса, ілтипат білдіріп жатса деп, ақын мұрасын – бүкіл адамзат баласының рухани азығына айналдыру қажеттігіне баса назар аударады.

Абай жалғыз қазақ халқының ұлы емес, адамзаттың ардағы десек артық айтқандық болмас. Әлем халқы мойындаған дара тұлғаны қай жағынан есептесек те біздің елдік, ұлттық парызымызды орындағанымыз деп білеміз. Осы жыл қазақтың ұлы ойшылының дүние есігін ашқанына 175 жыл толып отыр, айтулы мерекені біздің университет ұжымы да мәдени-ғылыми іс-шаралармен атап өтпекші. Ол дәстүрлі Абай оқуларымен басталып, ғылыми конференциялар мен абайтанушы ғалымдармен кездесу ұйымдастыру сияқты мән-мағынасы бар, мазмұнды дүниелермен жалғасын таппақшы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық болуы тиіс». Абай жырлап өткен бабалар арманы мен өсиетін бүгінгі ұрпақ, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақтағы даму жолында абыроймен іске асыра алатынына сеніміміз мол. Себебі қазіргі заманғы қазақ жастарының бойынан талап пен жігерді, білім мен іскерлікті, ұлттық намыс пен қайсарлықты көреміз. Мемлекет басшысының жарияланған мақаласы тарихи датаны әлемдік деңгейде ақыл-парасатпен атап өтуге бағыт-бағдар беретін, өз сәтінде жарық көрген бағалы еңбек деп санаймыз.

Әйгерім БАЙҚАСОВА,
Әулиекөл ауданы ПБ
ІЖСКТ маманы

Табысынан айырылғандарға 42 мың теңгеден беріледі

Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты табысынан айырылғандарға 42 мың теңгеден беріледі. Бұл туралы Ақордада Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

«Карантин енгізілген кезеңде тек Алматының өзінде кәсіпорындардың қызметкерлер саны жалпы 266 мың адамға қысқарады. Дәл осындай жағдай жеке кәсіпкерлерден де байқалады. Олардың 80 пайызы өз қызметтерін тоқтатты. Осылайша, алдын ала есептеулерге сәйкес, ағымдағы жағдай шамамен 500 мың азаматтың қаржылық жағдайына кері әсерін тигізді. Сондықтан төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты табысынан айырылған тұлғаларға ай сайын ең төменгі жалақы мөлшерінде (42 500 теңге) төлем жасай бастауды тапсырамын», – деді ҚР

Президент.

Мемлекет басшысының атап өтуінше, жалпы мұндай көмекті кемінде 1,5 миллионнан астам адам алады.

«Қажет болған жағдайда соманы арттыруға, қамтуға және қолдау түрлерін кеңейтуге барлық резервіміз бар. Мемлекеттік комиссияға төлемдердің тиімді және ашық тетігін әзірлеуді тапсырамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Ақордада Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізген кезінде халықтың барлық зәйімдер бойынша негізгі қарыз сомасын төлеуін тоқтата тұру қажеттігі туралы да айтты.

«Біріншіден, төтенше жағдай қолданысы кезеңінде бұған дейін қабылданған айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге тыйыммен қатар халықтың барлық зәйімдері бойынша негізгі қарыз бен сыйақы сомасын төлеуін тоқтата тұру қажет.

Банктерден толық түсіністік пен азаматтық ынтымақтастық күтеміз», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пайымынша, көптеген азаматтар жеке қаржылық жағдайының қиындауына байланысты банктік емес ұйымдарға, ломбардтарға, онлайн кредиторларға, микроқаржылық ұйымдарға кепілсіз несие алу үшін жүгінетін болады.

«Азаматтарды алдауға жол беруге болмайды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, Бас прокуратураға, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне заңнаманың сақталуын тексеру бойынша ауқымды акция жүргізуге және заң бұзушыларды жария түрде жазалап, мұны БАҚ пен әлеуметтік желілерде барынша көрсетуді тапсырамын. Бұл қазақстандықтар қиын-қыстау жағдайда өздерінің құқықтарын мемлекет қатаң қорғайтындығын білу үшін қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Латын әліпбиіне көшудегі кейбір тілдік мәселелер

Қазіргі таңда қазақ тілі үшін әліпби мәселесі, яғни қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне латын графикасын сәйкестендіру, жаңа төл әліпби құрастыру, оңтайлы емлері ережені қалыптастыру мәселелері өзекті болып отыр.

Осы тұста тарихи-саяси себептермен қазақ тілі араб, латын, кирилл жазуларына негізделген әліпбилерді пайдаланып, түрлі графемалық өзгерістерді қабылдап қана қоймай, фонемалық, дыбыстық өзгерістерді де басынан кешіріп, өзінің ұлттық тұрпатынан алшақтағандығын айқын көруге болады.

Қазақ тілінің дыбыстық қоры ғасырлар бойы толығып, бір қалыпқа түсіп әуезделген, алайда қазіргі таңда қазақ фонетикасының негізгі проблемалық өрісіне айналып кеткен кірме дыбыстар мен олармен қоса енген кирилл әліпбиіндегі кірме әріптер қазақ тіліндегі ұлттық тұрпаты мен айтылым және әуезделім заңдылықтарын бұзып, жазба тілдің де емлесіне біраз өзгерістер мен қиындықтар әкелген.

Бүгінгі қолданыстағы кирилл әліпбиіне негізделген қазақ жазуы 1940 жылы С.Аманжоловтың ұсынысымен енгізілген болатын. Бұл әліпбидің ішіндегі төл дауыстылар ө, ә, ұ, ү, і түрінде, төл дауыссыз дыбыстар ғ, қ, ң, һ түрінде бейнеленеді. Қазақ тілінің төл дыбысталу табиғатына сәйкес келмейтін в, ё, и, у, ф, ц, ч, щ, ъ, ь, э, ю, я әріптері, дыбыстары «күштеп» енгізілген-ді.

Профессор Әлімхан Жүнісбек қазақ тілінің төл сөздерінің құрамына «зорлықпен» енген и, у, я, ю, щ таңбаларының қазақ сөзінің айтылым әуезділігіне, морфемалық құрамына, буын түрлеріне, тасымалдануына нұқсан келтіргенін айтады.

Айтылым әуезділігінің өзгеруі – бұл сөздердің әрі қарайғы оқылуының өзгеріп, буынға бөліну қалпын сақтамай, сөтінеп кетуі. Мәселен кийім, тий, мой,

жыйын, қыйын, жыйырма, бій, кій, жұуан, сыйа, қойан, байан, жайа, айу, ашшы деудің орнына киім, ти, ми, жиын, қиын, жиырма, би, ки, жуан, сия, қоян, жая, аю, ащы деп сөздердің морфемалық құрылымы мен буын жігін, айтылымын бұзып жібергеніміз айдан анық.

Әрине, и мен у дыбыстары көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып келе жатқанына біраз уақыт болды.

У әрпі фонетика туралы оқулықтарда дауыссыздан кейін келсе, дауысты болады, дауыстыдан кейін келсе, дауыссыз болады деп түсіндіріледі. У дыбысы қазақтың төл сөздерінде дауыссыз дыбыс қалпында (тау, бау, тауық, жауын), сондай-ақ ұу, үу, ьу, іу дыбыс тіркестерінің басын біріктіріп, дауысты дыбыс қалпында (көрүү, ілінуу, сұу, сұуайт) кірме сөздер құрамында буын құрайтын дауысты дыбыс қалпында (урбанизация, университет) жұмсалады.

Асылында, егер у [w] дыбысына кириллицада жеке таңба берілгенде бүгінде кірме и дауысты дыбысы мен қазақтың төл у [w] дауыссызы бір деген қате ой тумас еді.

Орыс тілі ағылшын тілінің w таңбасын көбінесе «в» әрпімен береді. Web-site, whatsapp, Wikipedia деген көзге бүгінде көп шалынатын сөздердің өзін алып қарасақ, олардың орыс тіліндегі баламалары веб-сайт, ватсап, википедия күйінде жазылып, солайша оқылатынын көреміз. Ал қазақ тілінің у дауыссызы ағылшын тілінің w әрпімен сәйкес келетінін ескерсек, бұл сөздерді орыс тілі арқылы қабылдамай, қазақша веб-сайт, уатсап және уикипедия деп жазу өте-мөте дұрыс деп санаймын.

Кириллицадағы и әрпі де у сияқты күрделі мәселеге жатады. Қазақ тілінде кириллдегі и дыбысының жоқ екендігін жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. И әрпі қазақ төл сөздерінде ый, ій жалған дифтонгтарын бейнелейтіні белгілі. Қазақ тіліне и дыбысы араб, парсы және орыс тілдерінен енген

кірме сөздермен бірге енген болатын. Орыстың кириллицасында бұл дыбыс и таңбасымен, араб тілінде ي және парсыда ی таңбасымен бейнеленеді. Араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуында [й] дыбысы сөздің соңында ى түрін қабылдап, ي таңбасымен берілгенді. Солайша, араб-парсы тілдерінен енген сөздерде [и] – ىي таңбасы сақталғанымен, айтылуында [й] боп оқылды. Алайда жазуда дауыстылардың барлығы бейнеленбегендіктен, бұл мәселені кейіннен А.Байтұрсынов өзінің төтежазуында шешеді. [Й] дыбысы бұдан әрі бірыңғай ي таңбасымен берілді. Қазақ тіліне сай келмейтін тіркестерді болдырмау үшін дауыссыз дыбыс пен ى таңбасының арасында ى [ы, і] дауыстысы айтылып, жазылған еді. Төте жазу арқылы [й] дыбысы j таңбасымен Жаңаліпке (латын әліпбиіне) енуге негіз болды. С.Аманжолов кирилл әліпбиінің енуінен екі жыл бұрын кириллшеге өтуді оңайлату мақсатында сол кездегі латын әліпбиіне кішігірім өзгерістер енгізді. Соның ішінде J-ді I-ге ауыстыруы бұдан былай j [й], ij [йй] әріп тіркестері тек I-мен берілетін ережені қалыптастырды. Осыған байланысты орыс тілінен енген сөздердің құрамындағы И әрпі I түрінде жазылды. Сонымен қатар I әрпі қазақтың [j] дыбысын берді. Бүгінгі күні баршамызда түсініспеушіліктерге бой ұрғызып жүрген дыбыстардың тарихы осылайша жазылған еді.

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруде қазақ тілінің төл табиғатын аша салатын, құрылымдық жүйесін қалыпқа алатын емле ережелерде осындай мәселелік тұстарды оңтайлы шешіп, жазуда қолдану қазақ тілін шын мәнісінде жаңа белеске көтереді деген ойдамын.

**А. ЕРҒАЛИҚЫЗЫ,
ИМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
Ішкі және сыртқы
коммуникациялар
бөлімшесінің инспекторы**

Псевдосалафилер ұлттық мәдениетке қауіп төндіріп тұр

Адам жан мен тәннен жаратылған жаратылыс. Тәттің қалауы хакім Абайша: «ішсем, жесем, құшсам» деген қалаудан тұрады. Данышпан тәңдешқашан тоймайтын жаратылыс дейді. Хош делік. Тәттің шаруасын осымен тәмәмдасақ.

Бүгінгі әлемді ұлардай ұлытып отырған псевдосалафилер бірінші соққыны адамның жанына жұмсайды. Яғни, пенденің ең әлсіз жандық болмысынан ұрады. Мұндай адам жанының нәзік тұсы әрдайым құлақ түріп тұрады. Қазақ мұндайды «буынсыз жерге пышақ ұру» деген.

Бірақ бір қызығы адам жанына нәпсі, яғни тән қажеттіліктері де әсер етеді. Себебі адам мына екі құбылысты үнемі қалап тұрады: жан мен тән азығы. Антик заманының ойшылы Сократ: «адам құбылыс» деген. Яғни бейімделгіш. Псевдосалафилердің ұйымшылдығы адамды сол ортаға бейімдейді. Псевдосалафилердің еркіндік беру жағдайы мен ортақ топқа психологиялық байлауы, олардың мүшелерінің ыдырамауына әсер етіп отыр. Сонымен қатар олар өздерін діни азшылық ретінде өз орталарында көрсету мен діни оппозиция санауы, олардың өз орталарында бір-біріне тартылуына әсер етуде. Ал содан кейін өз орталарында ұлттық мәдениетке шабуылы жүйелі түрде жалғасады.

Ғылымда «нигилизм» деген термин бар. Ол: идеалдарды, құндылықтарды жоққа шығару ұғымы. Уахабилік тенденцияға ұрынған адам, Аллаға деген қате түсінігімен ұлттық құндылықтарды санасынан біртіндеп өшіреді. Ол үшін тарихи жадылық құндылықтар құнсыз болып қалады. Тарихи құндылықтарын

көз алдында күйреткеннен кейін, енді оған басқа құндылықтар қажет. Себебі адам тарихи тізбекте өмір сүретін жалғыз жаратылыс (бір жануардың ата-бабаларының құндылығын іздеп жүргенін көрмейсің). Негізгі тарихи тізбектегі құндылықтарынан айырылған адам жаңа тарихи құндылықтарды іздей бастайды. Міне сол кезде псевдосалафилер адамға таза тарихи құндылық деп, 7-8 ғасырлардағы панарабизмді (араб мәдениетін) насихаттайды. Яғни, адамның санасын сол ғасырларға алып барып, ортағасырлық түсінікке жетелейді. Біздің еліміздегі кейбір жат мәдени мәселелер осыдан туындап жатыр. Осылайша орта ғасырлардағы қазақ мәдениетінің құндылықтарының құнын жояды. Салафилердің ұлттық құндылықтаға мұрнын шүйіріп қарайтын себебі осыдан келіп туындайды. Тарихи-мәдени сана жойылса, отаншылдық сезім жойылады. Себебі адамның діни сенімі мекенімен (отанымен) байланыста болмаса, діндар адам мәдениетті басқа орталардан іздей бастайды.

Философтар мәдениетті 18 бөліктен тұрады және сол барлық бөліктерге діннің ықпалы зор деген (Д.Кенжетай, т.б.). Оның қазақ мәдениетінде исламның ролінің жоғары екенінен байқауға болады. Яғни, діни таным қалай қалыптасса, мәдениеттерді де солай түсінігіне ыңғайлап алады немесе жоққа шығарады. Мысалы қазақ мәдениетіндегі келіннің бетін ашу дәстүрін дұрыс емес дейтін псевдосалафилердің таным секілді. Міне псевдосалафилік танымның қауіптілігі осында.

Адам псевдосалафилердің ықпалымен мәдени тарихымыздан,

құндылықтарымыздан, идеалдардан жұрдай еткенде, кеуделерінде бос кеңістік пайда болады. Жалған ағым ол бос кеудені өздерінің жалған құндылықтарымен толтырады. Адамды қашанда түсінігі билейді. Ислам философы Фазали: «Адам не ойласа, соның тұтқыны. Нені таныса, соны сүйеді» деген.

Сондықтан псевдосалафилермен жұмыс жасау барысында олардың діни танымына ықпал етумен қатар, мәдени құндылықтарына шабуыл жасау керек. Тарихи сананы (генеология), мәдени қабатты қозғауды қоса ұғындыру керек. Құндылығы аумасқан адасушылардың діни таным өзгеруге шақ тұрады. Бұл әлемдік психологтардың тұжырымы (Карнеги, В.Франкл).

Адам санасы құбылмалы жаратылыс. Ол санада ақпараттың әсері мол. Сондықтан оны бір сипатта көру қиын. Яғни, қай мәдениет қаншалықты тартымды насихатталса, соншалықты адамды өзіне құмар етеді. Бұл тұжырымдардан түйетініміз, біз қазақ мәдениетін ортағасырларға сүйремей, жаңа заманға бейімдеп, көркемділікпен құнды насихатталуымыз қажет. Әр таным көркемділігімен жаулайды, мағыналығымен есте қалады. Себебі адам жанының сұранысы ешқашан өзгермейді, тек құбылады. Жан әрдайым даналыққа құштар. Даналы сөз-жанның азығы. Өзіреті Әлі: «тапқыр сөздермен рухтарыңды демалдырыңдар. Өйткені тәнің шаршайтыны секілді, рухтарда шаршайды» деген. Діни танымның мәдениетпен ұштасқанда, оның жанның азығы боларын ешқашан естен шығармауымыз қажет.

**Жарас Ахан
Abai.kz (23 наурыз 2020 жыл)**

Құқық бұзушылықтар азаяр

ЕМЕС...

ҚР Ішкі істер министрлігі Қазақстанда коронавирус тараған сәттен бастап қандай құқық бұзушылықтар жасалғанын мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Ведомство мәліметі бойынша, 26 қылмыс түрі көп-көрінеу жалған ақпарат таратумен байланысты. Осы істер негізінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

«Мұндай хабарламалар қоғамда негізсіз үрей мен қорқыныш тудырады. Жалған хабарламалар әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге мониторинг жасауларында анықталады, ал мұндай хабарлардың авторлары мен таратушыларын полицейлер бірден анықтап, әрі қарай жауапкершілікке тартады. Алматы, Қарағанды және Қызылорда облыстарының әрқайсында осындай төрт факті тіркелді. Үш реттен Қостанай және Түркістан облыстарында орын алды. Ақтөбе, Ақмола, Атырау және Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында және Шымкент қаласында біреуден анықталды» деп хабарлайды министрлік.

Жалған ақпарат таратқандарға, салдарының ауырлығына байланысты, 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салудан 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылған.

Одан бөлек, полиция қызметі санитарлық ережелерді сақтамаған адамдардың да жазаға тартылып жатқанын айтады.

«Полиция қызметкерлері тағы 4 факті бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 304-бабы – санитарлық ережелерді немесе гигиеналық нормативтерді бұзу салдарынан абайсызда адамдардың жаппай ауруы немесе жұқтыруына әкеп соқтыру бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізуде. Түркістан облысында ауруханаға жеткізілген соң карантинге жабылған жергілікті тұрғын аруханадан қашып кеткені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Нұр-султан қаласында COVID-19 қорытындысы расталған әйел жақын байланыс жасаған адамдар туралы ақпарат беруден бас тартты. Тағы бір факті 21 наурызда Көкшетау қаласында тіркелді, онда Минскіден келген азамат карантиндік процедурадан өтуден бас тартқан» делінген хабарламада.

Мұндай қылмыстарды жасағандарға 2000 АЕК мөлшерінде айыппұл салудан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылған.

Сондай-ақ, ТЖ режимін бұзғандар да қатаң жазаға тартылуда.

«Төтенше жағдай режимін бұзғаны үшін (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 476-бабы) 218 адам ұсталды. Оның 113-і әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 10-ы қамауға алынды, 91-іне айыппұл салынды, 12-сі ескерту алды, 105 тәртіп бұзушыға қатысты материалдар сотқа жіберілді» деп хабарлайды ҚР ІІМ.

Айта кетейік, төтенше жағдай режимін бұзудың ең көп саны Түркістан облысында - 28, Павлодар облысында - 21, Нұр-Сұлтан қаласында - 18, Шымкент қаласында және Ақтөбе облысында 17-ден тіркелді.

Сондай-ақ, Көкшетау қаласында 100-ден астам адамның қатысуымен банкет өткізгені үшін мейрамхана басшысы жауапкершілікке тартылды. Нұр-Сұлтан қаласында сағат 22:00-ден кейін жұмысын жалғастырған демалыс орындары анықталды.

Сонымен қатар, рейдтік және жедел іс-шаралар барысында маскаларды заңсыз тигуді ұйымдастыру және антисептикалық құралдарды дайындау фактілерінің жолы кесілді. Аталған бұйымдарға деген сұранысты пайдалана отырып, тәртіп бұзушылар тұрғындарға жоғары бағамен сатып алуды ұсынды. Жалпы 3700 медициналық маска және 4892 литр дезинфекциялық құралдар тәркіленді. Тіркеусіз және рұқсат құжатынсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін 6 адам әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Қысылтаяң шақта халық сұранысының арқасында қыруар пайдаға кенелмек болғандар да жоқ емес: «Алматы облысының жергілікті тұрғыны 500 000 медициналық масканы сатпақ болған. Полиция қызметкерлері заңсыз қызметтің жолын кесті, осылайша жасанды тапшылық жасау және алыпсатарлық жолмен бағаны өсірудің алдын алды».

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі азаматтарды заңдарды сақтауға, ресми ақпарат көздеріне сенуге және кез келген құқық бұзушылық жауапкершілікке әкеп соқтыратынын есте ұстауға шақырады.

ҚР ӘҚБтК 57-бабы 9-тармақшасының талаптарына сәйкес табиғи апат немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлатады.

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНИСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru